

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты ХІ Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
ХІ Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Сейтова Айзат Болатжанқызы

Seitova_ab@mail.ru

Астана, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Халықаралық қатынастар факультеті,
Халықаралық қатынастар мамандығының 2-ші курс магистранты
Ғылыми жетекші – Төлешова Ляззат Хамитбекқызы

1990 жылдардың соңындағы қаржылық кризис пен нарықтық экономикасы дамып келе жатқан елдердің әлемдік экономикалық талқылауларға, шешім қабылдауларға толықтай дайын болмауына жауап ретінде құрылған G20 ұйымы ағылшын тілінде «Group of 20» (20 тобы) терминінің қысқартылуы болып есептеледі. Аталмыш ұйым әлемнің дамыған және өнеркәсіптік экономикасына ие 20 мүшеден құралған: Түркия, АҚШ, Ресей Федерациясы, ЮАР, Ұлыбритания, Жапония, Канада, Германия, Франция, Италия, Австралия, Бразилия, Аргентина, Үндістан, Қытай, Индонезия, Мексика, Сауд Арабиясы, Оңтүстік Корея және Еуропалық Одақ.

«G20» — әлемнің ең ірі экономикаларының формалды емес форумы. Жалпылай алғанда, ұйым мүшелері әлемдік ЖІӨ-нің 90% және әлемдік сауданың 80% қамтиды. 2008 жылға дейін бұл топ жоғары деңгейдегі саммиттер өткізбеген болатын, оның қызметінің негізгі формасы ретінде орталық банк басшылары мен министрлер деңгейіндегі жыл сайынғы кездесулер саналды. «20 тобы» халықаралық форумын ұйымдастыру шешімі 1999 жылы 25 қыркүйекте Вашингтон қаласында өткен «7 тобы» елдерінің орталық банктері басшылары мен қаржы министрлерінің кездесуі барысында қабылданды.

Жоғарыда аталып өткендей, «20 тобы» 2008 жылғы жаһандық қаржы-экономикалық дағдарысқа жауап бере алатын жаһандық құрал болып құрылды. Бұл оның басты мақсаттарын анықтай түсті: қаржы-экономикалық дағдарыстың алдын алу, әлемдік экономиканың дамуын қамтамасыз ету және жаһандық басқару архитектурасын ХХІ ғасыр талаптарына сай түрде қайта қалыптастыру. Жұмыс жасау форматы мемлекет және үкімет басшылары кездесуіне ауысқаннан бастап G20 макроэкономикалық саясаттың координациясы, қаржылық нарықты реттеу мен халықаралық экономикалық саясатқа әсер ету механизмі ретінде қарастырыла бастады.[1]

Ереже бойынша шешімдер басшылардың келісімдерімен қабылданатын G20 ұйымы көшбасшыларының саммиттерінде оның тұрақты мүшелері қатысады. Дегенмен, жыл сайын өткізілетін саммитке қатысушылар тек қана мемлекеттер емес. Халықаралық Валюта қоры (IMF), Әлемдік Банк сияқты мекемелер мен арнайы шақырылған 5 мемлекет те қатысады. Саммит сәйкесінше топқа төрағалық ететін мемлекетте өтеді. Әрбір мүше мемлекет төраға міндетін бір жыл атқарады. Бұдан бөлек форум шеңберінде өткен жылғы, ағымдағы жылғы және болашақ төрағалардан құралатын «басқарушы үштік» түсінігі бар. Аталмыш үштіктің міндеттері – жиырма мемлекет тобы қарастырып отырған мәселелердің реттілігін қамтамасыз ету; қабылданған шешімдердің орындалуының ашықтығы мен есепке алынуы; топқа мүше емес тараптармен біріге отырып өткізілген консультациялар арқылы қабылданған шешімдердің легитимділігі. Саммиттермен жалпы жиырмалық топтың күн тәртібіндегі мәселелерін, құжаттар жобасының мазмұнын барлық тараптардың талқылауына салмай тұрып, алғашқы консультациялардың «алғашқы шеңбері» болып дәл осы үштік саналады.

G20 ұйымындағы мүше елдер басшыларының сенімді тұлғасы болып арнайы көмекші - шерпа саналады. Шерпалар саммитке дайындық үдерісі кезіндегі келіссөз жүргізу мен жоспарлаудың маңызды міндеттерін атқарады, күн тәртібін реттейді, ең жоғарғы саяси деңгейдегі консенсусты табумен айналысады, көшбасшылар үшін декларация жобасы мен өзге қажетті құжаттарды дайындайды. Жыл сайын саммит өткізуді топтың басты шарасы

ретінде санағанымыз жөн. Сол себепті, аталмыш саммиттермен таныс болуымыз абзал. Бүгінгі таңға дейін өткізілген кезекті саммиттерге кері ретте тоқталып өтіп, олардың алға қойған мақсаттарымен және кездесу қорытындыларымен танысайық. [6]

Оныншы саммит. Түркия мемлекеті, Белек ауданы. 2015 жылғы 15-16 қараша.«G20 2015 Türkiye» саммиті 15-16 қараша күндерінде Анталияның Белек ауданында өтеді. Бүкіл әлемнің назары Түркияға ауды. Дайындықтар аяқталған Анталияда қауіпсіздік шаралары ең жоғарғы деңгейде болды. Үлкен 20 тобы елдері саммиті үшін жылына 25 миллион турист келген Анталия әуежайына қосымша 60 ұшаққа және күнделікті келетін қонақтар үшін 34 ұшақтық жаңа аялдау алаңы салынды. Аккредиттелген 2 мыңнан астам журналисттің көпшілігі Анталияға келді. Саммиттің соңына дейін қолданылатын және араларында ультра люкс көліктер де бар жалпы 5 мыңнан астам көлік жалға алынды. Түркияның жаһандық экономика нарығында көрінісі маңызды мөлшерде артады. Саммит Түркияның өз пікірлерін ортаға қоятын маңызды бір платформа болып табылады.[2]

Саммитке араларында АҚШ президенті Барак Обама, Ресей президенті Владимир Путин, Ұлыбритания премьер-министрі Дэвид Кэмерон, Германия канцлері Ангела Меркель, Франция президенті Франсуа Олланд және Қытай Халық Республикасы мемлекет басшысы Си Цзиньпин де орын алған көптеген мүше мемлекеттің мемлекет және үкімет басшылары қатысты. Қонақжайлық жасайтын Түркия ол жылы саммитке Әзірбайжанды, Оңтүстік-шығыс Азия елдерінің ассоциациясы (ASEAN) кезекті төрағасы Малайзияны, Африканың өркендеуі үшін жаңа ортақтық (NEPAD) атынан Сенегалды, Сингапурды, Испанияны және 2015 Африка Одағы төрағасы Зимбабвені шақырды. 1999 жылы құрылған Үлкен 20 саммитінде әсіресе халықаралық қаржы тұрақтылығының арттырылуына қатысты келіссөздер мен жұмыстар қолға алынды. Бірақ соңғы жылдары өткен саммиттерге қарағанда, тек қана қаржы мәселелері емес, жаһандық террор, климат өзгерістері және жалғастыра аларлық өркендеуге дейін әлем күн тәртібіндегі маңызды саяси және қоғамдық мәселелер де қолға алына бастады. Анталиядағы саммитте де әсіресе екі жақты кездесулерде соңғы кездері бүкіл әлемнің алдыңғы мәселелерінен біріне айналған босқындар мәселесі мен ДАИШ террорының күн тәртіпке келуі күтілді. Әлемнің ең үлкен 20 экономикасының басшыларын басын қосатын Үлкен 20 тобы елдері саммитінде өркендеу, инвестициялар, сауда, жұмыспен қамтамасыз ету және бәсекелестік тақырыптары негізінде реформалар мен жаһандық әлсіреуден құтылуға бағытталған стратегиялар қолға алынды. [3]

Саммитте сондай-ақ БҰҰ-ның 2015 Жалпы Кеңесінде қолға алғаны «Жалғастыра аларлық өркендеу нысаналары-2030 күнтізбесі» аясында басылатын қадамдардың да күн тәртіпке келуі күтіледі. Әлем басшыларының күн тәртібінде болса араларында халықаралық ірі фирмаларда бар салық төлеуден жалтарумен күрес аясында жаңа бір стратегия жоспарының бекітілуі де орын алды. Саммитте Түркия әсіресе Сириядағы жағдай, сириялық босқындар және террормен күрес тақырыптарын күн тәртіпке әкелуді жоспарлады. Президент Режеп Тайып Ердоғанның ұсынысымен әсіресе саммиттің алғашқы күні кешкі қонақасыда террор мен босқын дағдарысы қолға алынды. Сыртқы істер министрлігі лауазымдылары берген ақпараттарға қарағанда, Түркия Сириядағы тұрақсыздық пен төгілген қанның тек қана Сирияда өмір сүргендерге немесе Сирияға көрші елдерге емес, босқын дағдарысы себепті Еуропалық Одақ елдеріне қоса, аймақтағы барлық елдерге болымсыз әсеріне назар аударды. [4]

Тоғызыншы саммит. Австралия, Брисбен. 2014 жыл, 15-16 қараша. Саммит келесі геосаяси және экономикалық тұрақсыздық салдарына негізделді:

-Украина, Ирак пен Сириядағы қарулы қақтығыстар, Ливиядағы тәртіпсіздік, араб-израиль қақтығысының жандануы;

-Еуропалық Германия, Франция алпауыт мемлекеттердің, Қытай Халық Республикасы экономикасының саралау бойынша төмендеуді көрсеткені.

Басты форум қарсаңында, дәлірек айтқанда 2014 жылдың 20-21 қыркүйегінде Австралиялық Кэрнс қаласында ұйым мүшелерінің қаржы министрлері мен орталық банк басшылары деңгейіндегі кездесу өткен болатын. Бұл кездесу барысында төрағалық еткен –

Австралия бас қазынашысы Джо Хоки, ал, ресейлік делегация «қаржылық жиырмалық» жұмысына қатысты. Кэрнс қаласында болып өткен аталмыш кездесу қорытындысы бойынша, алдағы 5 жыл ішінде экономикалық өсімді ағымдағы ұлттық жоспарлармен салыстырғанда 2 пайызға жеделдету құлшынысы мәлімденді.

Саммиттың басты саяси тақырыбы қауіпсіздік болып саналды: терроризммен күрес, Эболаға тойтарыс беру, украиндық дағдарысқа қарсы шаралар қабылдау.

Экономикалық саладағы басты мақсаттардың бірі – 2018 жылға қарай әлемдік ЖІӨ-нің 2%-ға өсіру болды. Болжам бойынша, бұл мақсатқа жету арқылы әлемдік экономика 2 трлн. долларға көбейіп, көптеген жаңа жұмыс орындары пайда болатын болды. Бұл орайда көшбасшылар келесі тапсырманы алды: инвестиция мен сауда көлемін ұлғайту, бәсекелестікті нығайту.

G20 мүшелері қабылдаған қорытынды коммюнике бойынша тараптар 2015-2016 жылдарға жемқорлықпен күрес бойынша шаралар жоспарын бекітті. Сол себепті мемлекеттік және жеке сектор экономикасының ашықтығын арттыруды міндет етіп алды, халықаралық инфрақұрылымдық орталық құру маңыздылығын атап өтті жжәне АҚШ-ын ХВҚ-дағы реформаға қарсы тұруын сұрады. [12]

Сегізінші саммит. Ресей Федерациясы, Санкт-Петербург. 2013 жыл, 5-6 қыркүйек. Ресей Федерациясы төрағалық еткен жылы мемлекет басшысының шерпасы қызметін Светлана Лукаш атқарған болатын. Шерпа ресейлік төрағалықтың негізгі мақсаттары экономикалық дамуды ынталандыру, өсімнің жаңа қайнаркөздерін іздестіру мен жұмысбастылықты кеңейту екендігін еске салып, келесі салалар бойынша жеткен жетістіктерге тоқталды: сапалы жұмыс орындарын қалыптастыру, салық төлеуден бас тартумен күрес, халықаралық сауда, дамуға жәрдемдесу, жемқорлыққа қарсы тұру. Лукаш ханымның айтуы бойынша, G20-ның стратегиясын айқындайтын Санкт-Петербург іс-әрекеттер жоспары саммиттің қорытынды кілті боп саналды. Сонымен қатар, ресейлік саммитте өткен жылдары алға қойылған мақсаттар мен жүктелген міндеттемелерге анализ жасалды.

Қаржы саласындағы талқыландырылған басты мәселе – мемлекеттік бюджет дефицитін азайту мен мемлекеттік қарыз міндеттерінің өсімін шектеу және экономикалық дамуды ынталандыру шаралары арасындағы компромиссті табу. Тұрақты түрде өткізілетін форум болашағына келетін болсақ, Сергей Сторчактың мәлімдеуінше үдеріс бюрократизациясын болдыртпау мен белсенділікті арттыру талқыға салынды. Мұндай мәселелер тез арада шешімін тауып, келесі саммиттерде күн тәртібіне қайталанып шықпауы назарға алынды. Сондай-ақ, Ресейдегі саммиттің ерекшелігі – үштік рөлінің артуы мен шерпалардың қаржы министрлеріне әсер етуі.

Кездесу соңындағы Ресей Федерациясындағы Австралия Елшісі Пол Майердің сөзіне сүйенсек, ол 2014 жылы Австралияның төрағалығы кезінде Ресей ұсынған мәселелерді назарсыз қалдырмайтын болды: экономикалық даму, жаңа жұмыс орындарын құру, жеке сектордың нығаюы мен экономиканың құрамдас бөлігіне айналуы. Үкіметтердің макроэкономикалық және бюджеттік құралдарынан бөлек, экономиканың дамуы үшін жеке капиталды да тарту маңыздылығын атап өтті австралиялық елші. [10]

Жетінші саммит. Мексика, Лос-Кабос қаласы. 2012 жылғы 18-19 маусым. Бұл саммит жиырма мүше мемлекет және үкімет басшыларының басын келесі мәселелерде қосты: жаһандық экономикадағы дисбаланстар әлі күнге дейін кең етек жайып тұрды, ал, қаржы нарығындағы келеңсіздіктер жоғары деңгейде сақталып тұрды. Сол себепті, қиын экономикалық жағдайдағы жұмыс орындарының санын арттырып, экономикалық дамуға барынша атсалысу қажет болды. Жиырмалық басшылары экономикалық өсімді қалыптастыру мәселелеріне үлкен көңіл бөлді. Сонымен қатар, жаңа жұмыс орындары мен тең мүмкіндік қалыптастыру, қаржылық тұрақтылықты нығайту, экономикалық өсімді қолдау мақсатымен тұтынушылардың сенімін қайта қалыптастыру мен ынталандыру шараларын біріге отырып жүзеге асыратын болып келісті. Осы мақсатқа жету үшін арнайы Жоспар бекітілді. Сол себепті, Халықаралық Валюталық Қор резервын 456 млрд. АҚШ

долларына дейін толықтыру шешімі қабылданды. Саммит барысында форум құрамына кіретін еурозонаның мүше елдері қаржы нарығы қызметінің жақсаруы мен еурозона тұрақтылығын сақтау үшін барлық қажетті саяси шараларды жүзеге асыру туралы келісімге келді.

Жиырма мемлекет басшылары реформаларға қатысты курстың өзгермеуін қамтамасыз ету үшін еурозона мен грек үкіметі арасындағы жемісті әріптестікке сенетінін мәлімдеді. Қатысушы тараптар тұрақты қаржылық жүйені құру мен экономикалық дамудың орта мерзімді болашағын жақсартуға бағытталған нормативті реттеу шеңберіндегі реформалар мен маңызды құрылымдық реформаларды іске асырудағы қызығушылықтарын тағы да атап өтті. Және де олар тұрақты, әрі салмақты саясат арқылы мемлекеттердің қаржылық жүйесін реттеп, дисбаланстарды қысқартуға деген құлшынысын білдірді. Мұндай саясат жиі өзгеріске ұшырайтын экономикалық жағдайды қарастырады, ішкі сұранысты нығайту операцияларын іске асырады. Мексикадағы кездесуге куә болған мүшелер көпжақты қатынастардың әлемдік экономикадағы қиындықтарды шешетін маңызды актив болып қала беретінімен және заманауи әлемдегі рөлінің артып келе жатқанымен келісті. Мемлекеттер жер бетіндегі өмір жағдайын жақсартуды мақсат ететін инфрақұрылымдық инвестицияларды қамтып отырған дамудың жағымды жақтарын қалыптастыруға өз күштерін қосамыз деген шешім қабылдады. Негізделген дамуға атсалысып, жаһандық нарықты тұрақтандыру арқылы жиырмалық топ даму үдерістеріне өз септігін тигізіп, әлемдегі кедейлікпен күреске әсер ете алады. [11]

Сонымен, қарастырылып отырған ірі форумның негізін салған конференция 1999 жылы 15—16 желтоқсан күндері Берлинде өтті. Топ өнеркәсіп саласында дамыған ірі жеті мемлекет қаржы министрлерінің ұсынысымен құрылған болатын. Олар: Ұлыбритания, Италия, Канада, АҚШ, Германия Федеративтік мемлекеті, Франция, Жапония. [1] Құрылтайшы елдердің мақсаты ретінде қаржы және экономикалық саясаттың өзекті мәселелері бойынша өзге дамып келе жатқан мемлекеттермен диалог жүргізуді қарастырамыз. 2008 жылы 14—15 қарашада Америка Құрама Штаттарының Вашингтон қаласында әлемдік қаржылық дағдарыспен байланысты сұрақтарды талқылау үшін антидағдарыстық саммит орын алды. Жоғары деңгейдегі кездесу британдық премьер-министр Гордон Браун мен Франция мемлекетінің президенті Николя Саркозидің бастауымен өткен болатын. Лондондық саммит 2009 жылы сәуір айының 2 жұлдызында сәйкесінше Лондон қаласында өтті. Бұл екінші кездесу әлемдік қаржы дағдарысына арналды. Негізгі мақсаттар: жаһандық рецессия мен дефляцияның алдын алу бойынша қажетті шараларды талқылау, протекционизмді болғызбау мен қаржы секторын нығайту, жаһандық қаржы және экономика жүйесін күшейту, әлемдік экономиканың тұрақты өсімге өтуі үшін қажетті шараларды қарастыру. 2009 жылы 24—25 қыркүйекте Питтсбург қаласында өткен саммиттің басты қорытындысы: менеджерлерге себепсіз үлкен төлем жасауды шектей отырып, банк стандарттарын біріге отырып өсіру; форум мүшелерінің экономикалық саясат саласындағы келісілген әрекеттер жүйесін құру ниеті. Осы саммиттен көп уақыт өтпей, яғни, 2009 жылдың 6 қарашасында Шотландияның Сент-Эндрюс қаласында қаржы министрлерінің екі күндік кездесуі ұйыдастырылды. [6] Келесі саммит Торонто қаласындағы Қалалық конференциялар кешенінде 2010 жылы 26—27 маусымда өтті. Қорытынды декларацияда қатысушы дамыған мемлекеттер 2013 жылға қарай бюджет дефицитын екі есеге қысқарту міндетін қабылдады. Сеулдегі саммит 2010 жылы 11—12 қарашада халықаралық конференцияларға арналған кешенде ұйымдастырылды. Шетелдік БАҚ (AFP, NY TIMES, Financial) атауы бойынша аталмыш кездесу азия мемлекеттеріне ғана емес, еуропалық елдер үшін де ерекше маңызға ие. Кореялық Зерттеу орталығының болжамы бойынша экономика өсімінің әсері 24 трл. Вонға жететін болған. Саммиттің тақыраптының бастысы АҚШ пен Қытайдың валюталық саясаты болып есептелді. Сондай-ақ, Сеул қаласындағы кездесуге ең транснационалдық корпорациялардың басшылары қатысты (Майкрософт, HSBC, Nomura Holdings). G-20 мүшелері 2011 жылы 3—4 қарашада Францияның Канны қаласында бас қосты. Аталмыш саммитте әлемдік дағдарыстың алдын

алу шараларын талқылау мен банктерді бақылау әрекеттерін қатайту шешімі қабылданды. Мексикалық саммит 2012 жылы 18 және 19 маусымда Лос-Кабоста өткен болатын.[5]

«Жиырма мемлекет тобы» өз жұмысын жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыстың етек жайған кезінде жасай бастады және мұның нәтижесі ретінде мемлекет басшылары деңгейінде өткізілген саммит қарастырылады (Вашингтон қаласы, 2008 жыл). Бұл форум мүшелері алдарына қазіргі және болашақ қаржы-экономикалық дағдарыстың алдын алу, әлемдік экономиканың реттелген дамуын қамтамасыз ету, заманауи жағдайдағы жаһандық басқару архитектурасын қайта құру сынды міндеттер қойды. Форумның сипаты мемлекет және үкімет басшыларының деңгейіндегі кездесуге ауысқаннан бастап G20 макроэкономикалық саясатты реттеуші, халықаралық экономикалық саясатқа әсер етуші механизм болып саналды. Аталмыш ұйымның негізгі жетістіктері: жедел дамушы экономикалардың рөлін арттыру, экономикадағы жаңа проблемалардың алдын алу үшін қаржылық және ұйымдастырушылық «құтқарушыларды» ойлап табу, халықаралық қаржылық институттарды қайта қалыптастыру, ұлттық қаржылық институттардың қызметін бақылауды нығайту мен тәртіпті жақсарту, қаржылық реттеу жүйесін нығайту (ең алдымен, реттеу проблемалары дағдарысқа әкеп соқтырған елдерде).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://ru.g20russia.ru/>Информация о функционировании ежегодного форума G20.
2. <http://www.g20yeturkey.org/>Түркия мемлекетіндегі саммит: кездесу барысы және қорытынды.
3. <https://www.nur.kz/> Түркияда өтетін G20 саммитінің қауіпсіздігін 12 мың полиция қадағалайды.
4. <http://ortcom.kz/>АЗАМАТТЫҚ САММИТ, ТҮРКИЯ.
5. <http://turkystan.kz/>Әлем алпауыттары бір форум аясында.
6. <http://www.trt.net.tr/>Үлкен 20 (G20) дегеніміз не?
7. Summit on Financial Markets and the World Economy. White House (11 ноября 2008).
8. Differences on Economy Set to Play out in Toronto. The Hindu (India) (June 25, 2010).
9. Саммит «Двадцатки» в Сеуле: дискуссии о торговле (рус.), Голос Америки (11 ноября 2010).
10. <http://ru.g20russia.ru/> Опубликована Санкт-Петербургская декларация лидеров «Группы двадцати».
11. <http://news.caravan.kz/>G20 собираются на саммит в Мексике.
12. Сюжет: Саммит G20 в Брисбене «Российская газета».
13. <http://www.vesti.ru/>G20 в Канне займется предотвращением угрозы нового кризиса.
14. <http://www.kp.ru/>Итоги саммита G20 в Лондоне: «Мы достигли исторического компромисса», Юлия Куприна.

ОӘК 327.3.00. 327.8.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭММИГРАЦИЯ: «АҚЫЛКӨШ» МӘСЕЛЕЛЕРІ

Смағұлова Ботакөз Амангелдіқызы

smagulovabotagoz@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУХалықаралық қатынастар факультетінің 4-курс студенті, Астана.
Ғылыми жетекшісі – Далелхан Айболат

Қазіргі кездегі интеграция және жаһандану процестеріне байланысты туындап отырған маңызды мәселелердің бірі миграция болып табылады. Жыл сайын әлемде 200 миллионнан астам еңбек мигранттары отанын тастап, әлемнің басқа бөліктеріне сапар шегуде. Егер де осы адамдарды бір елге орналастырса, әлемдегі бесінші тығыз қоныстанған ел пайда болар еді.